

ТЕНДЕР КЗ

№ 35 (3166)

13 марта 2024 г.

Выходит 5 раз в неделю.

Распространяется на всей территории Казахстана.

Издается с 01 июля 2009 г.

www.tendr.kz



ВИРУСТАН ҚОРҒАНУДЫҢ МАҢЫЗЫ ТУРАЛЫ

АИТВ-инфекциясы көп жағдайда бұрын жұқтырған науқастардан адамдарға беріледі. Уақытында алдын алмаса, иммун жетіспеушілігіне әкелуі ықтимал. Таралу сипатының үш түрі бар десек, ол қорғанбаған жыныстық жол арқылы, өмірге енді келетін сәбилерге осы дертке шалдыққан анасының қанымен және жаңа туған балаларға емізу кезеңінде пайда болуы мүмкін, және залалсыздандырылмаған медицина құралдарын қолданған жағдайда (қан арқылы) таралады.

Жыныстық жолмен қорғанышсыз әрекеттердің нәтижелері мен ортадағы жағдайлардың әсер ету деңгейі түрлі инфекциялардың пайда болуына әкеліп жатады. Әсіресе, сыртқы терілік ақаулары бар науқастардың жұқтыру қабілеті анағұрлым жоғары. Сондай-ақ, вирустың берілу сипаты қолданбалы лас құрылғылардың салдарынан орын алуы мүмкін. Бұл заттар алдын ала тазарту үрдісінен көбіне өтпеген жағдайда зор сипатқа ие. Тағы бір ескерерлік жайт, АИТВ - инфекциясы адамдарға жөтел, жәндіктердің шағуы, достық қарым-қатынас сипатындағы қол алысу, ыдыс-аяқ, киім-кешектер мен жан-жануарлар арқылы таралмайды.

Адамдар өкінішке қарай, көп жағдайда бойларынан иммунтапшылығы байқалатынын білмей қалып жатады. Ол жылдар бойы өз әсерін байқатпай сан соқтыруы ықтимал. Сондай жағдайда адамдар өз дертінің қаншалықты асқынып бара жатқанын білуден жүрексінеді. Қазіргі таңда АИТВ - инфекциясының қаупін анықтаудың кең таралған түрі - тесттен өту. Тест тапсыру адамға ұзақ та салауатты өмір салтын сақтауға мүмкіндік береді. Ол үшін тез арада емделуді бастап, вирустың берілу жолының шұғыл алдын алаңыз! АИТВ инфекциясы анықталған жағдайда емделу тегін.

Тегін тестіледі Астана қаласының АИТВ-инфекциясының алдын алу орталығында (Есенберлин көшесі 5/1) өтуге болады.

Акмарал Жаманова, Дәрігер-эпидемиолог

Астана қаласы әкімдігінің

"АИТВ-инфекциясының алдын алу орталығы" МКҚК